

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГГАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«Орман ресурстары және аңшылықтану»
кафедрасы**

**6B08302 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы
білім беру бағдарламасының оқу, өндірістік және
диплом алды кәсіби практикасының**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2021

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Орман ресурстары және аңшылықтану»
кафедрасы

6B08302 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы
білім беру бағдарламасының оқу, өндірістік және
диплом алды кәсіби практикасының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2021

Құрастырушылар:

Кентбаева Б.А., б.ғ.д., профессор;

Кентбаев Е.Ж., а.ш.ғ.д., профессор.

Шыныбеков М.К., а.ш.ғ.м., аға оқытушы

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Орман ресурстары және аншылықтану» кафедрасы (бағдарламаны құрастыру кезінде кафедраның бұрынғы бағдарламалары ескерілді).

Рецензент:

Ахметов Р.С. а.ш.ғ.м., ҚР АШМ Ә.Бөкейханов атындағы «Қаз-ОШАҒЗИ» ЖШС Алматы филиалының директоры.

МАЗМҰНЫ

1 Білім алу мен тәжірибе жинаудың қолдану аясы.....	4
2 Анықтамалар мен қысқартулар.....	4
3 Жалпы ұйымдастыру сұрақтары.....	4
4 1 курстағы пәндер бойынша оқу практикалары.....	5
5 2 курстағы пәндер бойынша өндірістік практикалары.....	7
6 3 курстағы пәндер бойынша өндірістік практикалары.....	8
7 4 курста өтетін өндірістік және диплом алды практикалары.....	12
8 Диплом алды практикасы.....	14
9 Мониторинг.....	16
Қосымшалар.....	17
Әдебиеттер тізімі.....	24

ОУМР тіркелді № 4771, 14.12.2020ж.

© «Айтұмар» баспасы, 2021

1. БІЛІМ АЛУ МЕН ТӘЖІРИБЕ ЖИНАУДЫҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

- орман шаруашылығы мекемелері, орман және аңшылық шаруашылықтары, орманқорғау мекемелері, орманқұру кәсіпорындары, ұлттық бактар, қорықтар, қорықшалар мен басқа да қорғалағын территориялар;
- жасыл құрылыс кәсіпорындары мен мекемелері, орман отырғызу учаскелері, гүлді-сәндік питомниктер, аббатандыруды баскару;
- жобалау- және ғылыми институттар, тәжірибе станциялары.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді.

2.1 2018 жылғы 04 шілдегі өзгерістермен және толықтырулармен ҚР Заңы;

2.2 "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 қаулысы;

2.3 ҚР МЖМБС 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары білім Негізгі ережелер;

2.4 ҚР МЖМБС 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Негізгі ережелер;

2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығы. Оқудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

3. ЖАЛПЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ СҰРАҚТАРЫ

Студенттер келесі практика түрлерінен өтеді: оқу, өндірістік және диплом алды.

Оқу практикасы

Оқу практикасының мақсаты – теоретикалық білімдерін нығайту. Оқу практикасын теоретикалық оқу кезінде немесе оны аяқтаған соң жүргізілуі мүмкін. Практиканы өткізу орны Іле-Алатауының таулары, Ботаника және фитонинтродукция институты, Алматы қаласы Бас ботаникалық бағы, ҚазҰАЗУ дендрологиялық БАҚ, "Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы", Алматы қаласының шағын саябақтары мен көшелері.

Өндірістік практика

Оқу-өндірістік практиканың мақсаты – білім беру бағдарлама бойынша пәндерден алған теоретикалық білімдерін нығайту, орман шаруашылығындағы жұмыстардан практикалық білім алу, орманды өсіру және молықтыру мен орман мелиорациясы, орман таксациясы мен ормандарды құру, орманшылық, орманды пайдалану, орман тауарларын

тану, қажетті жұмыс біліктілігін алу. Практиканы өткізу орны – Ақмола облысы Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі.

Өндірістік практиканың мақсаты – жалпы кәсіби және білім беру бағдарлама бойынша пәндерден алған білімдерін теоретикалық және практикалық жағдайда нығайту; орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері, орман питомниктері мен басқа да орман шаруашылығына қатысты мекемеліне енгізілген өндірістік іс-тәжірибелердің жүргізілуіне қатысу арқылы меңгеру; орман көшет материалдарын, екпе ормандар мен қорғаныш орман жолақтарын өсірудің практикалық жетістіктерін меңгеру; орман құру, кесіп ағашты белгілеу, орман өрттерімен күресу, көгалдандыру мен орман пайдалануда практикалық білім алу.

Практиканы өткізу орны – орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері, табиғи ұлттық бактар, қорықтар, орман питомниктері, ботаникалық бактар, ағаш өңдеу кәсіпорындары.

Диплом алды практикасы.

Диплом алды практикасының мақсаты – студенттерді өндірісте кездесетін ұйымдастыру-технологиялық тапсырмаларды шешуге дайындау мен бітіруші түлекті білікті жұмыстарды орындауға үйрету.

Практиканы өткізу орны – орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері, табиғи ұлттық бактар, қорықтар, орман питомниктері, ботаникалық бактар, ағаш өңдеу кәсіпорындары.

4.1-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУ ПРАКТИКАЛАРЫ

Дендрология

Практиканың мақсаты – студенттер Қазақстан аумағында табиғи өсетін және басқа ауданнан әкеліп жерсіндірілген интродуциялық ағаш және бұта түрлерінің морфологиясын оқып үйрену аясында алған білімдерінің көлемін кеңейту және теоретикалық курсын бекіту.

Практиканың міндеті болып студенттер табиғат аясында ағаш және бұта түрлерін морфологиялық белгілерінен ғана емес сонымен қатар кез-келген мүшесі арқылы (жашырағы, гүлі, қабығы, бұтағы), бөрікбасы пішінінен және жалпы өсімдік көлемінен айыра білуі.

Практика кезінде студенттер ағаш және бұталардың жеке түрлерін ажыратып және оларды дұрыс сипаттап жаза білуі керек. Сонымен бірге өсімдіктерді дұрыс топтастырып, гербарий жасау мен гербарий материалдарын пайдаланудың ережесін үйренеді.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

ҚазҰАЗУ студенттеріне практиканы өткізу орны – Ботаника және фитонинтродукция институтының Бас ботаникалық бағы, Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы», Алматы қаласының бактары мен шағын саябақтары.

Практиканың мазмұны

Практика оқытушының басшылығымен жүргізіліп жергілікті жерде экскурсия түрінде өткізіледі. Студенттер ағаш және бұталы өсімдіктер түрлері құрамының аздаған айырмашылықтарын тауып, ажырата білуге үйренеді.

Практиканың бағдарламасына жататындар:

- табиғи белдеулер мен дендрологиялық аудандардың ерекшеліктерін оқып үйрену;
- орманның негізгі элементтерімен танысу: сүректің, өскіндер, орман астары, тірі топырақ жамылғысы, еkle ағаштың құрамы, тығыздығы мен пішіні;
- жергілікті жерде табиғи өсетін және интродуцияланған ағаш және бұта түрлерімен танысу;
- ағаш және бұта түрлерінің гербарийін жинау және анықтау;
- өзен жағасындағы өсімдіктермен танысу.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студенттер жиналған гербарий материалын кафедраға ұсынады және есепті жеке қорғайды.

Аңшылықтану

Практиканың мақсаты – аңшылық шаруашылығының құрылымын, барлық және жүргізу әдістерін, аңшылық жануарлардың биологиясы мен экологиясын, аң өсіру мен аң шаруашылығының негіздері мен перспективаларын, аңшылық шаруашылығын жүргізудің құқықтық негіздерін, аңшылық жануарлардың популяциясын әдістерін, аңшылық шаруашылықтардағы негізгі биотехникалық іс-шараларды оқып үйрену.

Практиканың міндеті – болашақ орман шаруашылығы мамандарының аңшылықтану шаруашылығының негізгі кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру; барлық кезеңдерінде эксперимент жүргізу шеңберінде студенттердің өзіндік іздегіру- іс-әрекеті үшін алғышарттар жасау; ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және жалпылау.

Практиканың ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

ҚазҰАЗУ студенттеріне практиканы өткізу орны – Алматы қаласының хайуанаттар бағы.

Практиканың мазмұны

Практика оқытушының басшылығымен жүргізіліп - жануарлар мекендейтін ортадағы жабайы жануарлардың мінез-құлқының түрлері; аң аулайтын жерлердің біліктілік принциптері, аң аулайтын жерлердің классификациясының негізгі таксономиялық бірліктері; табиғатта студент аңдар мен құстардың популяциялық өзгерістерін білуі керек, іздері бойынша жануардың бағыты мен жынысын; өзінің ұлттық аң аулаудың ерекшеліктерін білуі керек.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студенттер жиналған гербарий материалын кафедраға ұсынады және есепті жеке қорғайды.

5. 2-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАЛАРЫ

Орманшылық

Орманшылық курсы бір-бірімен тығыз байланысты әрі жеке-жеке пәндер болып келетін орман табиғатын оқытатын ормантану және орманшылық бөлімдерінен тұрады.

Ормантану

Практиканың мақсаты – орманды оқып-үйренуге байланысты алған теоретикалық білімдерін бекіту және тереңдету, орман биценоздары мен оларды құраушы элементтердің заңдылықтарын оқып-үйрену.

Практиканың міндеті: студенттер орман ішіне барып онда өсетін барлық орман өсімдік элементтерімен (сүректің, орман астары, өскін, тірі топырақ жамылғысы, өсімдіктердің биіктік бойынша қабаттылы бөлінуі) танысуы керек. Сонымен бірге студенттер орман типтерін анықтау және олардың таксациялық сипаттамаларын практикалық тұрғыда білуі керек, табиғи жанаруды есептеудің әдісін оқып-үйренуі тиіс.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Іле-Алатауының солтүстік беткейлерінің таулары мен тау маңы бөлігі.

Практиканың мазмұны:

1. Орманмен танысу. Орманды құрайтын элементтер: сүректің, орман астары, өскін, тірі топырақ жамылғысы, өсімдіктердің биіктік бойынша қабаттылы бөлінуі. Сүректің және оны бөлудің белгілері.

2. Табиғи өздігінен сиреу процессі. Ағаштардың өсуі бойынша жіктелу.

3. Орманның табиғи жаңаруын есептеудің әдістері.

4. Ағашы кесілген жерлерде өсімдіктер жамылғысының ауысуы және табиғи жаңаруды талдау.

5. Орман типтерін диагностикалау.

Ормандағы барлық жұмыстарды 5-6 адамнан құрылған бригадалар істейді, бригада жалпы ортақ есеп дайындайды, есепті қорғау әрбір студентке жеке-жеке жүреді.

Орманшылық

Практиканың мақсаты – студенттерге орманға байланысты адамның орман шаруашылық шараларының тапсырмаларын, өздігінен дұрыс шешуге оқып-үйрету.

Практиканың міндеті: студенттер орманның табиғатын оқып-үйренудің негізінде алған практикалық білімдерін басты мақсатта және арлық кесу учаскесін тандауға, кесілетін ағаштарды іріктеу және белгілеу, кесудің қолайлы интенсивтілігін анықтау, сүректің дайындауды есептеу, орманның табиғи жаңару процесін өлшеу.

Практиканың ұзақтығы: 15 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Іле-Алатауының солтүстік беткейлерінің таулары мен тау маңы бөлігі.

Практиканың мазмұны:

1. Студенттерге жарықтандыру немесе тазалау үшін кесулер жүргізілетін учаскелерді тандату және жүргізу.
2. Студенттердің қатысуымен сирету үшін кесу жүргізетін орынды тандату және жүргізу.

3. Орманы қайта қалпына келтірілетін учаскеде кеспе ағашты белгілеу және кесілетін ағаштарды іріктеу.

4. Кесудің тиіпін анықтау және орманның табиғи жаңару шараларын тандау.

5. Орман шаруашылығындағы өртке қарсы қызметтің ұйымдастырылуымен танысу.

Ормандағы барлық жұмыстарды 5-6 адамнан құрылған бригадалар істейді.

Практика орманда күніне 6 сағат жұмыс істеуге есептелген. Орман материалдарын камералды өңдеу жұмыстары күнделікті орманнан келген сон күннің екінші жартысында жүргізіліп отыруы керек.

Бригада жалпы ортақ есеп дайындайды, есепті қорғау әрбір студентке жекеше жүреді.

6. 3-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАЛАРЫ

Орман питомниктері

Практиканың мақсаты – орман питомниктерінде отырғызу материалдары түрлерін өсіруге байланысты оқыған теоретикалық курстарын бекіту және іс-тәжірибелерін жетілдіру.

Практиканың міндеті – студенттер дала жағдайында өздерінің қатысуымен сан алуан ағаш және бұта түрлерінің көшет материалдарын өсіру технологиясымен танысу.

Практиканың ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

ҚазҰАУ студенттеріне практиканы өткізу орны – «Орман питомнигі» АҚ.

Практиканың мазмұны:

1. Тұқымдарды себу түрлері мен сүлбесі, себу алдында тұқымдарды өңдеу.

2. Тұқымдарды себу, себу тереңдігі мен себу нормасы, себу тәсілдері.

3. Сөбілген тұқымдарды күтіп-баптау (топырақты қопсыту мен арамшөптерді отау, сөбілген тұқымдарды көму және көлеңкелеу, суғару жүйесі).

4. Сөппелер мен тікпелерді қазып алу және көміп қою, оларды отырғызуға дайындау және отырғызу жұмыстарын жүргізу.

5. Отырғызу материалдарын түгендеудің технологиясы.

Орман питомнигіндегі барлық жұмыстарды 5-6 адамнан құрылған бригадалар істейді.

Практиканың соңында әрбір бригада оқытушыға барлық істеген жұмыстарын жазып есеп өткізеді, есеп тапсыру әрбір студентке жекеше жүреді.

Екпе ормандар

Практиканың мақсаты – орманды көбейту және орманды қайта қалпына келтіру, топырақтағы жел және су эрозиясына байланысты алған теориялық білімдерін бекіту және практикалық тұрғыда істеп көру.

Практиканың міндеті – студенттерге бұрын құрылған екпе ормандардың әртүрлі типтерімен таныстыру; екпе ормандардың сапасын бағалаудың әдістері; екпе ормандар жобаланған екпе орман алқаптары учаскелеріне жүргізу; топырақтағы жел және су эрозиясымен күресу үшін орман мелниоративті іс-шараларын жүргізу.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Ақмола облысы Сандықтау оқу-өндірістіктік орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі.

Практиканың мазмұны:

1. Экскурсия: әр түрлі өсу орны жағдайы мен қалыптасу фазаларында екпе ормандарды бақылау, әр түрлі әдістер және тәсілдермен екпе орман құру.

2. Екпе орман алқаптарындағы жұмыстар: әр түрлі екпе орман алқаптары категорияларын, топырақты өңдеу, ағаш отырғызу, агротехникалық күтім жұмыстары.

3. Екпе орман сапасын бағалайтын әдістемелермен танысу (техникалық қабылдау, түгендеу, орманмен қамтылған аумаққа ауыстыру) және екпе орман құжаттарын толтыру.

4. Екпелерді әр түрлі өсу фазаларында. Екпе ормандарды материалдарын өңдеу және екпе орман алқаптарын, учаскені үшін екпе орман жобасын құру.

5. «ҚазОШҒЗИ» ЖШС аумағында өскен әр түрлі қорғаныш екпе ағаштарымен танысу.

6. Топырақ эрозиясы қорытындысымен танысу, жыра элементтерін оқып-үйрену, абристі орындау арқылы жыра тереңдігін өлшеу.

Барлық жұмыстарды 5-6 адамнан құрылған бригадалар істейді. Практиканың соңында әрбір бригада істелінген барлық жұмыс түрлерінің жалпы ортақ есебін дайындайды, есепті қорғау әрбір студентке жекеше жүреді.

Орман таксациясы мен орман құру

Практиканың мақсаты – студенттерге орман және орман қорын таксациялауды практикалық тұрғыда істеп көру, орманды таксациялау және

орман құрудың негізгі бөлімдерін оқып үйренуден алған теориялық білімдерін бекіту және практикалық тұрғыда істеп көру.

Практиканың міндеті. Студенттерге оқып-үйрету керек:

- өсіп тұрған ағаштарды өлшеу техникаларын және олардың көлемін анықтауды;

- екпе ағаштардың таксациялық сипаттамаларын құруды;

- ағаштардың өсімін есептеудің техникасын және екпе ағаштың өсу динамикасын орнатуды;

- өсіп тұрған орманды сортименттеудің әдістерін, орман өнімдерінің негізгі түрлерінің сүрек қорын дифференциалауды;

- түтендеу техникасы мен орман массивін картографиялау.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Ақмола облысы Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі.

Практиканың мазмұны: Практиканың бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- жұмыс жасайтын орындармен танысу үшін орманды экскурсиялау және техника қауіпсіздігі інструктажымен танысу;

- орманды тазалау, бұрыш өлшейтін түсірілім және квартал аралық жолдарды салу және визирді өлшеу, пикетаждау;

- бақылау алаңшасындағы ағаштардың сүрек қорын кесте бойынша анықтау немесе сортименттер кестесімен таксациялық есептеу;

- қадалармен және қадаларсыз бақылау алаңшасын салу, модельді ағаштар және материалдарды өңдеу. Ағаш сүректіңінің өсу барысын талдау;

- таксациялық учаске мен телімнің сипаттамалары;

- орман екпе ағашының жоспарын құру;

- студенттерге орман қорын таксациялаудың практикалық жолдарын оқып-үйрету.

Орман екпе ағашын таксациялаудың барлық жұмыстарын 5-6 адамнан құрылған бригадалар атқарады. Материалдарды камералды өңдеу жұмыстары күнделікті күннің екінші жартысында жүргізіліп отыруы керек. Практиканың соңында әрбір бригада атқарылған далалық және камералдық өңделген жұмыстарды бір папкаға реттеп тігіп оқытушыға өткізеді. Есеп тапсыру әрбір студентке жекеше жүреді.

Орман пайдалану

Практиканың мақсаты – студенттерге орман кесу жұмыстарының технологиясы мен оларды механизациялаудың тәсілдерін оқып-үйрету; ағаш тиеу пункттері мен жоғарғы складтағы механизациялық жұмыстар, орманды тасымалдау технологиясы, кең қолданыстағы ағаш тауарларын өндіру технологиясы мен ұйымдастыру.

Практиканың міндеті. Практикадан өткен соң студенттер білуі керек:

- орман сүректіңінің дайындайтын машиналар мен ағаш өңдейтін станоктарды дұрыс пайдалануды;

- орман дайындау және ағаш өңдеу өндірісі процесі технологиясын ұйымдастыру және өңдеуді;

- орман дайындау жұмыстарын кешенді және рационалды пайдалану сұрақтарын өзіңіңнен шешуді;

- орман пайдалану тапсырмаларының есебін орман шаруашылығы шешуді ұйымдастыру.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Ақмола облысы Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі.

Практиканың мазмұны: Студенттер технологиялық практикадан өту кезінде орман шаруашылығы басшылығымен келісімге сәйкес оқытушының басшылығымен орман кеспе ағашын өңдеп, орман дайындаудың барлық технологиялық процестерінің барлық қажетті ережелерін қатаң сақтау керек.

Ағаш сүрегін өңдеу цехында студенттер орман шаруашылығындағы барлық технологиялық процестермен танысып, ағаш өңдеу станоктары және құралдарымен, кең қолданыстағы ағаш тауарларының ассортименттерімен жұмыс жасайды.

Барлық жұмыстарды 5-6 адамнан тұратын бригадалар орындайды. Практика аяқталғаннан кейін әрбір бригада орындаған жұмыстардың барлық түрлерін сипаттай отырып, есеп береді, есепті қорғау-жеке.

Орман тауарларын тану

Практиканың мақсаты – студенттерге оқыған теориялық курстарын бекітіп, ағаштарды өлшеудің ережелерін, есептеуді, орман материалдарын қабылдауды, олардың сапасын (сорттарын) анықтауды, орман материалдарының партияларын тұтынушыларға дайындаудың ережелерімен таныстыру. Сонымен қатар студенттер қазіргі кездегі әр түрлі орман материалдарының МЕСТ танысып, оларды өндірісте қолдануын үйренеді.

Практиканың міндеті. Студенттерге орман тауарларын тұтынудың ерекшеліктерімен таныстырып, ағаш сүрегіннен алынатын тауарлардың сапасын бағалау ережесін дұрыс қолдануды, өндірісте қолданылатын МЕСТ пайдалануды үйрету.

Практиканың ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

Практиканы өткізу орны – Ақмола облысы Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі.

Практиканың мазмұны: Практика орман шаруашылығы территориясындағы ағаш сүрегін Оқытушы берілген тапсырманы орындауды жеңілдету үшін топты 3-5 адамнан бригадаларға бөледі. Әрбір бригада өлшеу ленталары, өлшеу айыршасы мен орман материалдарының қазіргі стандарттарының жиынтығымен қамтамасыз етілуі керек.

Студенттер келесі операцияларды орындауы керек:

- өлшеу, есептеу, сортын анықтау, дөңгелек орман материалдарын қабылдауды, тығыз жиналған орман материалдарын өлшеу мен есептеуді;

- жиналған орман материалдарын қабылдау, өлшеу және есептеуді;

- кесілген орман материалдарын өлшеу, олардың сапасын анықтауды;
Барлық жұмыстарды 5-6 адамнан тұратын бригадалар орындайды.
Практика аяқталғаннан кейін әрбір бригада орындаған жұмыстардың барлық түрлерін сипаттай отырып, есеп береді, есепті қорғау-жесе.

7. 4-КУРСТА ӨТЕТІН ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКАЛАРЫ

Практиканың мақсаты – студенттер алған білімдерін бекітіп, орман шаруашылығы өндірісінде атқарылатын іс-шаралармен танысады, өндірісті басқару мен іс жүзінде атқарылатын жұмыстарға қатысады; бекітілген дипломдық жоба (жұмыс) тақырыбында нақты материалдар жинау; алынған нәтижелер мен ұсыныстарды қосымша апробациядан өткізу, оларды өндірісте пайдалану.

Практиканың ұзақтығы: 8 апта.

Практиканы өткізу орны: орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, орман-аншылық шаруашылығы, ұлттық табиғи бақтар, орман құру партиялары, ғылыми-өндірістік орталықтар мен олардың филиалдары, жасыл құрылыс мекемелері.

Өндірістік практикалар

Өндірістік практикадан өту кезінде студенттер *келесі бөлімдермен танысу, оқып-үйрену, болжау және жұмыстарға қатысу керек:*
Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Орманшылық

Танысу керек: орман шаруашылығындағы негізгі орман типтерімен, оларға сипаттама жазу керек, В.Г.Каппер шкаласы бойынша басты ағаш түрлерінің жеміс өнімділігі мен тұқымына көзбен болжау жасап бағалау керек, табиғи жанару тәсіліне жағдай жасауды, оның тиімділігін; күту үшін және басты мақсатта кесу түрлерін, оларды орман шаруашылығында пайдалануды; орманды босатудың ережелерін, өртке қарсы қызметті ұйымдастыруды *оқып-үйреніп және болжау жасау* керек.

Студент міндетті түрде *қатысу керек* күту үшін кесу жүргізілген аумақты куәландыруға, дайын орман өнімдерінің құжаттарын толтыруды, орманды қорғау және өртке қарсы шаралардың атқарылуына.

Орман тұқым ісі, Орман питомниктері және Екпе ормандар

Оқып-үйреніп және болжау жасау керек: дайындау тәсілдерін, тұқымдарды сақтау мен өлдеуге, орман тұқымдарын бақылау станциясына жіберетін орташа үлгіні сұрыптау және олардың құжаттары;

- орман питомникіндегі жұмыстар, ағаш түрлерін өсіру, отырғызу материалын өсіру агротехникасы;

- орман шаруашылығындағы екпе орман өндірісінің тарихы, екпелерді өсіру агротехникасы және 2-3 екпе орман типіне сипаттама беру, екпе ормандар мен орман питомниктерін механизациялау жұмысы;

- жоспарлау, екпе орман жұмысын жобалау, еңбекті ұйымдастыру.

Орман питомнигінің сеппе бөлімінің бір учаскесіне және екпе ормандардан бір учаскеге түгендеу жұмыстарын жүргізіп, олардың сипаттамаларын есепке кіргізу керек.

Орман таксациясы

Танысу керек: орман шаруашылығының эксплуатациялық қоры; орман кесу билетін толтырудың реті және оны орманшыларға тарату; сүректіңді босату ордерін толтырудың реті; дайындалған сүректіңді қабылдау актісін толтыру.

Қатысуы керек: бір орман кеспе ағаш учаскесін кесуге тағайындау; материалды-ақшалы бағасын есептеу, кесуді жүргізу, кеспе ағаш.

Орман кеспе ағашының материалды-ақшалы бағасының есебінің барлық құжаттарын есепке қосып тігу керек.

Орман құру

Танысу керек: орман құрудың есебімен, таксациялық сипаттамалармен, бірінші және екінші орман құру кеңесінің хаттамаларымен, жоспарлы-картографиялық материалдарды сақтау ретімен; квартал аралық жолдардың жағдайымен, шекаралық, кварталдық және көрсеткіш бағаналар, әр түрлі орман шаруашылығы белгілері, орман шаруашылығы мекемесінде қойылған белгілермен, осыған өздерінің сыни ескертпелерін жасау керек.

Оқып-үйреніп және болжау жасау керек:

- орман шаруашылығы шараларының жобасы, орман құру кезіндегі жоспарланған шаралар;

- орман құру жобасына сәйкес орман шаруашылығындағы жүргізілген шаралар, оларды жүргізу техникасы мен нақты көлемі, ауытқулар болған жағдайда олардың себептерін келтіру.

Орман шаруашылығындағы орман құру жүргізілген жерлердің толымдылығын анықтап, қорытынды жасау.

Орман тауарларын тану

Танысу керек: орманды өсіп тұрғанды пайдаланудың түрлері мен көлемі – қарағайдан шайыр алу, қайыңнан шырын алу, дәрілік шикізаттарды дайындау, жеміс-жидектерді дайындау және т.б.

Ағаш сүректің өндейтін цехта сүректіңнен жасалатын өнім түрлерімен танысу керек, дөңгелек және кесілген орман материалдарын өлшеу ережелерін, оларды штабелдеу және орман материалдарының сортын анықтау ережелерімен танысу керек.

Практика кезінде студенттер күнделік толтыруға міндетті, оған күнделікті атқарған жұмыстарын жазып отыру керек.

Практиканың соңында студенттер өндірістік практика жетекшісінен жазбаша пікір (мінездеме) алу керек, онда студенттерге практика бағдарламасын қалай орындау қажеттігі, жұмысты орындау, практикалық жетістіктерді игеру, дайындық дәрежесі көрсетілуі керек. Пікірде мекеме мөрі басылу керек.

Практиканың соңында студенттер есеп толтырады, онда студенттер өздері қатысқан жұмыс түрлерінің құжаттарының көшірмесі беріледі. Есеп практика бағдарламасының сұрақтарын қамти отырып толтырылады. Есепте манызды мәселе болып практикант студенттің өндірістік мекемеде атқарылатын жұмысқа қатысу саналады, орман шаруашылығында жүргізілетін (кеспе ағашты белгілеу, орман питомнигінің сеппе бөлімін түгендеу, айналымды қарап шығу, орманды өрттен қорғау, ағаш сүректіңін түгендеу мен кесу орнын анықтау, орманды кесуге тағайындау ережелерін) іс-шараларға қатысу міндетті. Есеп кафедраға сабақ басталғаннан кейін 3 аптада тапсырылуы керек. Студенттер есепті кафедрада құрылған комиссияның алдында қорғайды.

8. ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКАСЫ

Практиканың негізгі міндеті: арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыған пәндерден алған теориялық білімдерін бекіту және кеңейту; өндірістік және ғылыми эксперименталды сұрақтарды шешу үшін практикалық жетістіктерді пайдалану; өзіндік және шығармашылық инициативаларды дамыту; дипломдық жоба (жұмыс) тақырыбындағы далалық материалдарды жинау.

Практиканың ұзақтығы: 20 күн, топқа 6 сағаттан.

Практикаға барар алдында студент дипломдық жоба жетекшісінен міндетті түрде тапсырмалар алу керек, онда тақырыпқа сәйкес далалық материалдарды жинау әдістемесі келтірілуі керек.

Студент практикadan университетке келген бойда жинаған далалық материалдарын жетекшісіне міндетті түрде көрсетіп, таныстыру керек. Соған сәйкес өндірістік практика есебін толтыру керек. Студент жинаған далалық материалдарын математикалық өңдеуді компьютерде жүргізу керек. Математикалық өңдеудің компьютерлік бағдарламасы кафедрада болады. Бұл белгілі бір дәрежеде дипломдық жобаның сапасын жақсартады және студенттің уақытты үнемдеуіне көмектеседі. Компьютерлік өңдеу материалдары дипломдық жобаға қосылады. Дипломдық жобада далалық жұмыстарының суреттері мен қосымша материалдар келтіріледі.

9. МОНИТОРИНГ

1 Практика барысында кафедралардан және өндірістен келген практика жетекшілері білім алушыларға қажетті әдістемелік көмек көрсетеді және

практикadan өту үдерісінің мерзімдері мен мазмұнын сақтау бөлігінде мониторингті жүзеге асырады.

2 Практика жетекшісі сондай-ақ практика базасында машыктанушының қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуге, олармен қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалардың өткізілуіне, машыктанушылардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады.

3 Білім алушылардың практикadan өтуі бойынша жазбаларды практикант практика күнделігінде жеке жүргізеді. Қажет болған жағдайда практика жетекшісі практика күнделігін қарап, ол туралы өз қолын қояды.

4 Практикadan өтуден қосымша құндылық мыналар болуы мүмкін:

- Білім алушы практикadan өткен ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жақсарту;

- білім алушылардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін анықтау;

- түлектердің білімі мен дағдыларына қойылатын талаптарды нақтылау;
- кәсіби тәжірибе қорытындысы бойынша арнайы конференция өткізу.

5 Практика нәтижелері кафедрада талданып, талқылануы тиіс. Талдау нәтижелері бойынша практика қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді, оларды практика және жұмысқа орналастыру бөлімінің назарына жеткізу қажет.

6 Жақсарту бойынша шешімдер қабылдау оларды практиканың келесі жоспарларына енгізу арқылы жүзеге асырылуы керек.

Қосымшалар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«СУ, ЖЕР ЖӘНЕ ОРМАН РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

«ОРМАН РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

**ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫҢ
ЕСЕБІ**

Орындаған:

Жетекшісі:

Алматы, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«СУ, ЖЕР ЖӘНЕ ОРМАН РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

«ОРМАН РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

КҮНДЕЛІК

ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКАСЫ

СТУДЕНТ _____

КУРСЫ, ТОБЫ

ФАКУЛЬТЕТІ – Су, жер және орман ресурстары

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – 6В08302 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы

практиканың жолсапар куәлігі міндетті түрде есепке қосылып тігіледі
І. Жолсапар куәлігі

III. СТУДЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(оның теориялық дайындығының деңгейі көрсетіледі, атқарылған жұмыстың сапасы, жұмыс тәртібі және оның кемшілігі, егер ол бар болса)

IV. ЕСЕПKE КАФЕДРАНЫҢ ҚОЙҒАН БАҒАСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАДАН ӨТКЕН СТУДЕНТТІ БАҒАЛАУ

(Есептің артықшылықтары мен кемшілігіне қысқаша сын-пікір беріледі, бағалау 100-баллдық жүйемен қойылады).

Есепте сонымен қатар келесі сұрақтар қарастырылуы керек:
Студенттер практикадан өту кезіндегі жинаған материалдарының тізімі.

Практика соңындағы студенттің жазған қорытындысы мен талдауы және оны жақсартуға ұсыныстар

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А., Қаспақбаев Е.М. Қазақстан еңке ормандарын өсіру ағаштары мен бұталары / оқулық / ҚР Білім және ғылым м-трлігі. - Алматы: Нұр-Принт, 2015. - 357 б.
2. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А. Деревья и кустарники Казахстана для лесовосстановления, с грифом МОН РК. - Алматы, 2008. 2011. - 342с.
3. Байзақов С.Б., Медведев А.Н., Исаков С.И. Лесные культуры в Казахстане // в 2 кн. Кн.1. Лесное семенное дело, лесные питомники. - Алматы: Агроуниверситет, 2010. - 334 с.
4. Байзақов С.Б., Медведев А.Н., Исаков С.И. Лесные культуры в Казахстане // В 2 кнгах. Кн.2. Лесные культуры, лесные мелиорации. - Алматы: Агроуниверситет, 2010. - 294 с.
5. Кентбаева Б.А. Методология научных исследований // учебник / КазНАУ. - Алматы: Нур-Принт, 2014. - 209 с.
6. Кентбаева Б.А. Орман тұқым ісі // оқу құралы, ҚазҰАУ. - Алматы: Айтұмар, 2020. - 184 б.
7. Кентбаева Б.А. Лесосеменное дело // учеб. пособие. - Алматы: Нур-Принт, 2015. - 124 с.
8. Абаева К.Т. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқару / оқулық / ҚР Білім және ғылым м-трлігі. - Алматы: ҚазҰАУ, 2012. - 267 б.
9. Бессетенов В.П., Кентбаев Е.Ж., Бессетенова Н.Н., Кентбаева Б.А. Лесная селекция // учебник, КазНАУ. - Алматы: Нур-Принт, 2015. - 358 с.
10. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А., Орман тұқым ісі пәнінің студентке арналған оқу-әдістемелік кешені // 6В08302-Орман ресурстары және орман шаруашылығы маман. ҚазҰАУ. - Алматы: Айтұмар, 2017. - 115 б.
11. Игенбаев К.Б., Абаева К.Т., Қаспақбаев Е.М. Сүректі келтіру және сақтау технологиясы / оқу құралы. - Алматы: ҚазҰАУ, 2012. - 199 б.
12. Абаева К.Т., Сағатдинова М.Ш., Управление природными ресурсами Казахстана / МОН РК. - Алматы: 2012. - 170 с.
13. Кентбаева Б.А. Методология научных исследований // учебник / КазНАУ. - Алматы: Нур-Принт, 2014. - 209 с.
14. Шоманов Ж.Ш. Орманды азотарыштан суретке түсіру және ұшақты қолдану // оқу құралы / Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті. - Алматы: Айтұмар, 2013. - 196 б.
15. Сәрсекова Д.Н., Қаспақбаев Е.М. Орманшылық // оқулық Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті. - Алматы: Айтұмар, 2013. - 150 б.

6В08302 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы
білім беру бағдарламасының оқу, өндірістік және
диплом алды кәсіби практикасының
Бағдарламасы

Басуға 21. 01. 2021 ж. қол қойылды. Қалып 60x84 1/16.
Көлемі 1,5 б.т. Тапсырыс №. Тарапшы 50.
Алматы қ., Абай даңғылы, 8. «Айтұмар» баспасы.